

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.1 МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ,
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

1470.	Асылбекова А.А.	Правовое регулирование искусственного интеллекта: зарубежный опыт и перспективы для Казахстана	6308
1471.	Аширбекова А.Б.	Қазақстан Республикасында Ұлттық алдын алу тетігі жүйесі	6314
1472.	Амирова Б.К.	Қазақстандағы жинақтаушы зейнетақы заңнамасының тарихи эволюциясы	6316
1473.	Бейбітұова І.Б.	Медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігі	6319
1474.	Байтерекова К.Б., Ескендерова Г.Т.	Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қазіргі жағдайы	6323
1475.	Егежанова Д.Р.	О влиянии нормативной практики Верховного суда Республики Казахстан на административное судопроизводство	6326
1476.	Есентемирова А.М.	Некоторые вопросы становления законодательства о высшем и послевузовском образовании в Республике Казахстан	6330
1477.	Еркін Ә.	Коррупция и правовые методы борьбы с ней	6340
1478.	Жармаханбетова Б.А.	Права коренных народов и недропользование: проблемы соблюдения и защиты прав при добыче природных ресурсов на их территориях	6345
1479.	Жолдасбек М.Б.	Қазақстан Республикасындағы Конституциялық реформа: өзгерістерді талдау және олардың құқықтық жүйеге әсері	6348
1480.	Жеңіс Е.Е.	Салық заңнамасын жетілдіру мәселелері	6353
1481.	Жанаев Е.А.	Роль морали в правовых решениях и законодательных актах	6357
1482.	Кажтай А.Н.	Қауіпті құқықбұзушылықтардың қоғамға әсері	6360
1483.	Карсибек С.А.	ҚР Алқабилер сотының құқықтық жағдайы және шетел мемлекеттерімен салыстырмалық ерекшеліктері	6364
1484.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6367
1485.	Кошкенбек Б.Б.	Шетелде оқыту бағдарламаларын құқықтық реттелуі	6371
1486.	Қалыбаева А.Ә.	Қазақстандағы жаза қолданудың құқықтық санаға әсері	6377
1487.	Қалқазбек Н.Е.	Қазіргі заманғы құқық саласының өзекті мәселелері мен даму перспективалары	6380
1488.	Маликов Ж.Н.	Қазақстан Республикасының Конституциялық сот институтының қалыптасуы және қызметі	6383

1489.	Маратов А.Б.	Роль юристов защиты прав юридических лиц	6385
1490.	Отыншиева Г.	Құқықтық сана және мәдениеттің арақатынасы	6387
1491.	Роман К.Д.	Законодательные основы обеспечения информационной безопасности детей в Казахстане: вызовы цифровой эпохи	6390
1492.	Сұңғатов С.С.	Цифрландырудың азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын іске асыруға тигізетін ықпалы	6392
1493.	Салиханов А.Б.	Социальные барьеры реинтеграции бывших заключённых в Казахстане: причины стигматизации и пути преодоления	6396
1494.	Турегелдиев Б.У.	Жоғарғы соттың нормативтік қаулыларының құқықтық алаңдағы ықпалы	6402
1495.	Тәуірғалиева А.Б.	Киберқауіпсіздік: қылмыстардың алдын алу және заңнамалық шаралар	6405
1496.	Табанова Ж.А.	Защита прав женщин: международный аспект	6409
1497.	Тәжі Ә.Т.	Цифровизация прав граждан РК	6413
1498.	Тигай Б.А.	Проблемы налогового правоприменения в РК	6415
1499.	Шоманова К., Ясинова Д.	Адам құқықтарының қорғалуы және заңнамалық реттелуі	6423
1500.	Ібіжан Г.Ә.	Проблемы организации правовой помощи детям с ограниченными возможностями здоровья	6427
1501.	Yagmussova A.F.	The concept and types of social guarantees and the grounds for their provision under labor legislation	6431

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.2 АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

1502.	Алмагамбетов М.	Кәсіпкерлердің құқықтары мен оның қорғалуы	6436
1503.	Булатова Л.Б.	Жасанды интеллектпен жасалған туындылардың құқықтық мәртебесі	6440
1504.	Ибрашев А.М.	Искусственный интеллект в трудовом праве: перспективы, риски и возможности	6443
1505.	Искаков Р.А.	Правовая природа договора о государственных закупках товаров в Республике Казахстан	6446
1506.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6452
1507.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен	6456

		өзекті мәселелер	
1508.	Нургалиева М.Е.	Трудовые права женщин и равенство на рабочем месте. Дискриминация как барьер для экономического прогресса	6459
1509.	Рустами-Кадырбекова Ж.	Ретроспективный анализ правового регулирования в области социального обеспечения	6464
1510.	Сураганова Д.Д.	Правовое регулирование игорного бизнеса в Республике Казахстан	6468
1511.	Третьяк М.В.	Тенденция к сокращению рабочего времени в развитых странах: баланс между производительностью и качеством жизни	6471
1512.	Третьякова Ж.В.	К вопросу имущественных правоотношений родителей и детей по законодательству Республики Беларусь	6475
1513.	Тыныбек кызы А.	Гибкие формы занятости в Казахстане и Кыргызстане: правовое регулирование дистанционной работы и самозанятости	6478
1514.	Тюлегенова А.А.	Правовые аспекты использования земли	6481

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.3 ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТҮЛҒАНЫҢ, ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ МЕХАНИЗМІ РЕТІНДЕ

1515.	Азенова С.Р.	Сот сараптамасын тағайындау мен жүргізу: қылмыстық процестегі маңызы және жетілдіру жолдары	6485
1516.	Абдықадыр А.Б.	Қылмыстық әділет жүйесіндегі цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект	6488
1517.	Байносерова А.Г.	Қолжазба сараптамасы дәлелдеу құралы ретінде: жаңа әдістер мен шешілмеген мәселелер	6495
1518.	Бахыт І.Б.	Уголовное судопроизводство как механизм защиты интересов личности, общества и государства	6500
1519.	Жакишева Д.К.	Арнайы білім және оларды қылмыстарды тергеу кезінде қолдану нысандары	6504
1520.	Жұмадулла Қ.Ф.	Жасанды интеллект пен криминалистика: қылмысты ашудағы жаңа дәуір	6508
1521.	Маратова А.М.	Понятие судебно-биологической экспертизы и ее значение для установления обстоятельств уголовного дела	6510
1522.	Шариф М.Қ.	Психологиялық портретті құру: сот сараптамасында қолдану тәжірибесі	6514
1523.	Жунусов Д.С.	Совершенствование качества судебных экспертиз: организационно-правовой подход	6517
1524.	Khamidullina R.	Jury Trials in the Criminal Justice System: A Comparative Analysis of the U.S. And	6520

		Kazakhstan Models	
1525.	Киікбай Б.С.	Онлайн алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылықтарын тергеп-тексерудің өзекті мәселелері	6523
1526.	Салимжуаров Г.Ф.	Перспективы использования искусственного интеллекта в производстве судебных экспертиз	6528
1527.	Серіктай Н.Ө.	Тергеушінің жеке басының кәсіби-психологиялық сипаттамасы	6531

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.4 ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМА: ЗАМАНАУИ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

1528.	Адильхан Х.Б.	Қылмыс пен жазаның психологиялық қырлары: кінә және жауапкершілік сезімі	6536
1529.	Арзанбекова К.Қ.	Геноцид және оның халықаралық құқықтағы орны	6538
1530.	Ахметжанова А.А.	Правовое обеспечение информационной безопасности Республики Казахстан: вызовы и перспективы	6540
1531.	Айзак А.Ж.	Әлеуметтік факторлар мен экономикалық қысымның қылмысқа ықпалы	6544
1532.	Әжібекова А.Е.	ҚР жасөспірімдер арасындағы буллингке қарсы шаралар мен шетелдік тәжірибе	6546
1533.	Болатбекова А.А.	Қылмыс пен жазаның қоғамдағы әлеуметтік-мәдени ықпалы	6552
1534.	Бөлебай А.Б.	Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу мәселелері	6555
1535.	Дүйсен Қ.А.	Адам саудасының құрбандарын анықтау және қорғау механизмдері	6563
1536.	Карсибек С.А.	Жыныстық қолсұғылмаулыққа қарсы жасалған қылмыстардың латенттілігі: себептері және шешу жолдары	6566
1537.	Кенеспек Д.М.	Қазақстан Республикасындағы қылмыстардың қайталану себептері мен алдын алу жолдары	6569
1538.	Кийкбай Н.К.	Жалған ақпарат тарату және оның қылмыстық-құқықтық салдарлары: ақпараттық кеңістікте қауіпсіздік пен жауапкершілік мәселелері	6572
1539.	Кожанова Д.Р.	Реформа уголовного законодательства Республики Казахстан: анализ реализации положений концепции УК 2014 года через призму десятилетнего опыта	6575
1540.	Көбейсін Ө.Т.	Кінә мен оның қос нысаны: қазіргі қылмыстық құқықтағы ерекшеліктер мен проблемалар	6578
1541.	Койчубекова А.А.	Уголовная ответственность за	6580

		насильственные действия сексуального характера	
1542.	Қабдылова А.Қ.	Кибербуллингтың алдын алудың құқықтық мәселелері	6585
1543.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6590
1544.	Орынбай Ш.А.	Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі	6593
1545.	Сайлаубек М.Ж.	Қылмыстық құқықтағы өзін-өзі қорғау шегінің әлеуметтік және құқықтық аспектілері	6597
1546.	Төрехан А.Ә.	Тұрмыстық зорлық-зомбылық; қылмыстық жауаптылық және әділ жаза тағайындау мәселелері	6600
1547.	Тюлегенова А.А., Куатова Р.Е.	Совершествование превентивных мер в рамках реализации антикоррупционной политики в РК	6607

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.5 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҚ: ЖАҢА ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР ТЕГЕУРІНДЕРІ

1548.	Алиев Е.	Правовое регулирование международных железнодорожных перевозок в Республике Казахстан	6611
1549.	Аршабаева Р.С.	Заманауи құлдықпен күрестегі халықаралық құқықтың тиімділігі мен мәселелері	6616
1550.	Данияр Ә.А.	Роль международных организаций в урегулировании вооруженных конфликтов	6620
1551.	Кабдрахманов А.Е.	Анализ правового регулирования защиты прав трудовых мигрантов: опыт Казахстана и России в контексте международных стандартов	6626
1552.	Qodirova T.R.	The role of the United Nations High Commissioner for refugees in protecting refugee rights	6631
1553.	Медетова М.Б.	Азаматтық авиациядағы алғашқы халықаралық қауіпсіздік стандарттары: пайда болу және тарихи негіздері	6634
1554.	Мыктыбаева Д.А.	Регулирование вопросов трудовой деятельности трудящихся-мигрантов в международных соглашениях Республики Казахстан	6640
1555.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6645
1556.	Рублевский А.А.	Этическая дилемма статуса эмбриона	6648
1557.	Тулеген А.С.	Правовые проблемы назначения и исполнения наказания в деятельности международных уголовных трибуналах ad hoc	6652

**10.6 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ АРБИТРАЖ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ**

1558.	Акынов Д.М.	Правовые механизмы обеспечения исполнения обязательств государствами-членами ЕАЭС	6657
1559.	Ануарбек А.	Применение блокчейн-технологий в международном коммерческом арбитраже: правовые вызовы и перспективы	6661
1560.	Жаксылыков К.К.	Особенности правового регулирования отношений, возникающих из международного договора купли-продажи товаров	6665
1561.	Каримова Ф.Х.	Защита персональных данных в международном частном праве	6669
1562.	Мирзоева М.М.	К вопросу о сущности деловой репутации	6675
1563.	Раджабов М.Д.	Трудовые права иностранных граждан в международном частном праве	6679

10.7 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ

1564.	Ануарбек А.	Международное экологическое правосудие: теоретические основы и практические аспекты	6683
1565.	Burieva M.S.	The role of international organizations in regulating the use of water resources of transboundary rivers and lakes	6687
1566.	Nasreddinzoda N.	The role of regional organizations in achieving the SDGs: international legal aspects	6691
1567.	Шалгымбаева А.Н.	Комиссия международного права ООН: регулирование экологических аспектов вооруженных конфликтов	6693

СЕКЦИЯ 11**АРХИТЕКТУРА И СТРОИТЕЛЬСТВО****ПОДСЕКЦИЯ 11.1 СТРОИТЕЛЬСТВО**

1568.	Аманжолова Ш.Ф.	Қарқынды құрылыс жағдайындағы Астана қаласының жер асты сулары деңгейінің өзгерісін болжау	6698
1569.	Батирбекова А.Т.	Численное моделирование работы стены в грунте с распорной системой в условиях плотной застройки	6702
1570.	Бекетов Д.Н.	Энергоэффективность в строительстве: симуляция влияния ориентации зданий на потреблении энергии в Астане	6707

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ҚОРҒАЛУЫ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ РЕТТЕЛУІ

Шоманова Камила Асқарқызы, Ясинова Дильназ Пархатовна

kamila_shomanova@mail.ru, yassinovva@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, заң факультеті 2 курс,

«Құқықтану» мамандығының студенттері,

Ғылыми жетекші – заң ғылымдарының докторы

Ибрагимов Жамаладен Ибрагимович

Адам құқықтары – әрбір адамның ішкі жан дүниесімен тығыз байланысып жатқан, өзгелер тарапынан сыйластықты, теңдікті талап ететін, сонымен бірге адамның өзін қоғамда еркін әрі қауіпсіз сезінуіне мүмкіндік беретін басты құндылықтары. Бұл құқықтар әрбір адамның бойындағы тумысынан тән қадір-қасиетті, абырой мен бостандықты қорғауға және қамтамасыз етуге негізделген.

Қазіргі заманда адам құқықтарын қорғау мәселесі тек жеке мемлекеттердің ғана емес, бүкіл әлемдік қауымдастықтың назарында. Бүгінгі күні әрбір азамат, қай елде тұрмасын, өзінің құқықтарының сақталуын талап ете алады. Адам құқықтары барлық әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағдайларға қарамастан, әркім үшін теңдей болуы тиіс. Бұл – қоғамның әділеттілігіне, тұрақтылығына және дамуына негіз болып табылатын басты қағида.

Қазақстан Республикасында адам құқықтары Конституциямен, түрлі заңдармен және халықаралық келісімдермен бекітіліп, қорғалады. Елімізде адам құқықтарын қорғау мәселесі маңызды әлеуметтік және саяси мақсаттардың бірі ретінде қабылданып, үнемі жетілдіріліп келеді. Алайда, адам құқықтарын қорғау – бұл тек заң жүзіндегі міндет ғана емес, сонымен бірге әр азаматтың өзіне және қоғамға деген жауапкершілігі.

Осы мақалада адам құқықтарының қоғамдағы орны, олардың маңыздылығы, заңнамалық тұрғыдан қалай реттелетіні және олардың сақталуын қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан қандай шаралар қолданылатыны туралы сөз қозғалады.

Қазақстанда адам құқықтарын қорғау бағытында соңғы жылдары маңызды қадамдар жасалуда. Құқықтық жүйе мен мемлекеттік институттардың қызметі халықаралық стандарттарға сай жаңартылып, азаматтардың құқықтарын қорғау механизмдері күшейтілді. Конституциялық соттың қайта құрылуы, омбудсмен институтының күшеюі, бейбіт жиналыстарға және саяси партияларды тіркеуге қойылған талаптардың жеңілдетілуі – осының барлығы мемлекетіміздің адам құқықтарын қорғауға басымдық беріп отырғанын көрсетеді. Бұл өзгерістер «Әділетті Қазақстан» құру жолында маңызды рөл атқарады.

Қазақстанда адам құқықтары мен демократияны ілгерілету

Қазақстан: ауқымды демократиялық реформаларды жүргізу

бойынша өңірлік көшбасшы

АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

- Өлім жазасын толық жою Қазақстанның адамның негізгі құқықтарын, соның ішінде өмір сүру құқығын сақтауға бейілдігін көрсетеді
- Қазақстан әйелдерге белгілі бір кәсіп түрлерін атқаруға тыйым салатын заңның күшін жойды және әйелдер өкілдік ету үшін парламенттік квотаны көбейтті (сайлау үшін жасақталатын партиялық тізімдердегі әйелдерге және 18-25 жас аралығындағы жастар өкілдеріне арналған 30 пайыздық квота)
- Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің және онымен байланысты басқа да мекемелердің рөлін күшейту адам құқықтары мен демократияны қорғаудың сенімді механизмі құрылғанын білдіреді
- Халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымы жаңадан енгізілді
- Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны және оған факультативтік хаттаманы ратификациялауы Қазақстанның халықаралық стандарттарға сай болуға батыл кіріскенін айғақтайды
- Ұсталғандарға қатігездік көрсеткені үшін қылмыстық жаза енгізілді. «Азаптау» және «қатігездік» ұғымдарының нақты анықтамалары бекітілді. Азаптау жағдайларын тергеу прокуратураға берілді

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ СОТ РЕФОРМАЛАРЫ

- Қазақстанда Конституциялық сот қайта құрылды
- Тергеу органы, прокуратура және сот арасындағы өкілеттіктерді нақты бөлу үшін сотқа дейінгі іс жүргізудің үш деңгейлі моделі енгізілді

Қазақстанда адам құқықтарын қорғауды күшейту бағытында ауқымды реформалар жүргізілді. Соттардың тәуелсіздігі мен әділдігіне бағытталған заңнамалық өзгерістер енгізіліп, алқабилер сотының өкілеттігі кеңейтілді. Адам құқықтары жөніндегі ұлттық тетіктер күшейтіліп, омбудсмен институты конституциялық мәртебеге ие болды. Сонымен қатар, Конституциялық сот азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда маңызды рөл атқарып, оған тікелей жүгіну мүмкіндігі пайда болды. Қоғамдық пікір білдіруді оңтайландыру үшін онлайн-петицияларды жариялау тәртібі енгізілді.

БҰҰДБ-ның Қазақстандағы тұрақты өкілінің орынбасары Сухроб Ходжиматов айтуынша, 2022-2025 жылдарға арналған жаңа Стратегиялық жоспарымызды басшылыққа ала отырып, БҰҰ Даму бағдарламасы БҰҰ Бас хатшысының адам құқықтары саласындағы іс-қимылға шақырған үндеуіне жауап беруді және адам құқықтарын мемлекеттерді қолдау жөніндегі қызметіміздің барлық аспектілеріне енгізу үшін елдермен және қауымдастықтармен жұмыс істеуді жалғастырады. Бұл, ең алдымен, әйелдер мен қыздарды, ауыл тұрғындарын, жабық мекемелердегі адамдарды, мигранттар мен мүгедектігі бар адамдарды қоса алғанда, ең осал топтарды қамтып, оларды өз даму жолын қалыптастыруда қолдау қажет дегенді білдіреді [1, 1 б.].

Әлеуметтік тұрғыдан осал топтарды қорғауға бағытталған Әлеуметтік Кодекс қабылданып, қауіпті еңбек жағдайында жұмыс істейтіндерге арнайы төлемдер бекітілді. Өлім жазасы толықтай жойылды, ал азаптаулар мен тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңнамалық шаралар күшейтілді. Бейбіт шерулерге рұқсат алу тәртібі жеңілдетіліп, алдын ала ескерту тәртібі енгізілді, бұл бейбіт жиындардың санын арттыруда шешуші рөл атқарады. БАҚ саласындағы реформалар да цифрлық қауіпсіздік пен ақпараттық кеңістікті дамытуға бағытталған.


Елімізде адам құқықтары заңнамалық және институционалдық тұрғыдан қорғалады. Конституция әр азаматтың негізгі құқықтарын бекітеді, ал құқық қорғау тетіктері оларды қамтамасыз етуге барлық шараларды қолданады. 2022 жылы ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Әзімова «Бүгінгі таңда адам құқықтарын қорғау саласы тек Ұлттық құқық

қорғау мекемесі тарапынан ғана емес, сонымен қатар арнайы мандаттары бар Омбудсмендер тарапынан да анықталған. Бәріміздің істеп жатқанымыз бір іс, ол – азаматтарға олардың құқықтарын қалпына келтіруге және қорғауға көмек көрсету» екенін атап кетеді[2, 1 б.].

Қазақстан Конституциясы мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын жариялап, олардың Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында бекітілгенін растайды. Негізгі заң азаматтық және саяси құқықтармен қатар, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтардың да қорғалатынына кепілдік береді. Дегенмен, құқық қорғаушылардың пікірінше, елдегі шынайы жағдай бұл қағидалардан алшақ.

Қазақстанда сөз бостандығының шектелуі – адам құқықтарының сақталуына қайшы келетін өзекті мәселе. Елдегі тәуелсіз журналистер мен ақпарат құралдары жиі қысымға ұшырап, өз пікірін еркін білдіру мүмкіндігінен айырылады. Бұл жағдай Қазақстанның адам құқықтарын қорғау саласындағы міндеттемелеріне сәйкес келмейді. Бұл мәселені халықаралық «Баспасөз бостандығы индексі» (Freedom of the Press Index) айқын көрсетеді, онда Қазақстан соңғы жылдары үнемі төменгі орындарда орналасуда. Мұндай көрсеткіштер елдегі сөз бостандығының деңгейі төмен екенін және ақпаратқа еркін қол жеткізу жолында елеулі шектеулер барын білдіреді.

2023 жылғы ТМД елдерінің баспасөз бостандығы индексі бойынша рейтингі



Мәселен, Қазақстан Конституциясының 20-бабында сөз бостандығы мен шығармашылық еркіндікке кепілдік берілетіні және цензураға тыйым салынғаны жазылған. Бұл жағдай ратификациялаған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 19-бабын бұзады, онда әр адамның өз пікірін білдіру және ақпаратты еркін іздеу, алу және тарату құқығы бекітілген. Алайда, іс жүзінде бұл нормалар толық орындалмай отыр. Рейтинг көрсеткіштері мен нақты оқиғалар Конституциядағы бұл баптың іске асуындағы кемшіліктерді анық көрсетеді. Сөз бостандығын шектеу елдегі адам құқықтарын қорғау жүйесін қайта қарауды және нақты реформаларды талап етеді.

Қазақстанда адам құқықтарын қорғауға бағытталған жаңа заңдардың қабылдануы маңызды қадам болғанымен, олардың іс жүзінде жүзеге асырылуы өзекті мәселе күйінде қалып отыр. Құқық қорғау саласындағы реформалар қағаз жүзінде жақсы көрінгенімен, олардың нақты іске асуы көбінесе жүйелі кемшіліктер мен шектеулерге тап болады.

Мысал ретінде, бірнеше ай бұрын мемлекетте дүркіреген Талғар қаласында болған жасөспірім оқиғасы Қазақстандағы адам құқықтарын қорғау саласындағы өзекті мәселелердің тағы бір мысалы. Азаматтың өліміне қатысты тергеу барысы мен құқық қорғау

органдарының әрекеттері қоғамда үлкен алаңдаушылық туғызды. Бұл оқиға тек адам өміріне қатысты ғана емес, сонымен қатар Қазақстандағы заңдардың тиімді жүзеге асырылмағанын, құқық қорғау жүйесінің кейбір кемшіліктерін де айқындады[3, 1 б.].

Талғаедағы жасөспірім ісіне байланысты тергеудің баяу жүруі, дәлелдер жинау мен әділ сот процесінің жүргізілуіндегі кемшіліктер халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімін азайтты.

Бұл жаңа қабылданған заңдардың, оның ішінде адам құқықтарын қорғауға бағытталған құқықтық актілердің іс жүзінде тиімді асырылмағанын көрсетеді. Мұндай жағдайлар Қазақстандағы құқық қорғау жүйесінің әлсіз тұстарын айқындайды және олардың адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға толыққанды жауап бере алмайтынын білдіреді.

Freedom House 2021 жылғы зерттеуі бойынша, әлемде 85 мемлекет азаматтық құқықтар мен еркіндіктерді жоғары деңгейде қамтамасыз етіп отыр, бұл елдер әлем халқының 40%-ын құрайды. Бұл мемлекеттерде демократиялық институттардың орнығуы, заңның үстемдігі мен азаматтық қоғамның дамуының жоғары деңгейі байқалады. Яғни, азаматтың саяси және азаматтық құқықтарын қорғау мен жүзеге асыру жүйесі тиімді жұмыс істеп, бұл өз кезегінде олардың құқықтарының толықтай сақталуына мүмкіндік беруде. Алайда, соңғы жылдары демократиялық принциптерден шегіну, әсіресе авторитаризмнің жаңа формаларының пайда болуы, бірқатар елдерде азаматтық еркіндіктердің шектелуіне әкеп соғуда.

Қазақстан бұл рейтингте 167-орында тұрғанын ескергенде, елімізде азаматтық құқықтар мен еркіндіктердің деңгейі әлі де төмен екені анық көрінеді. Мұндай төмен рейтинг мемлекеттегі сөз бостандығы, БАҚ еркіндігі, саяси плюрализм және қоғамдық белсенділік сияқты негізгі азаматтық құқықтардың шектелгендігін көрсетеді. Бұл мемлекетіміз үшін құқықтық жүйені жетілдіру және азаматтардың құқықтарын қорғау мәселелерінде елеулі жетістіктерге қол жеткізу қажеттігін айқындайды. Осы орайда, Қазақстан халықаралық құқықтық стандарттар мен азаматтық қоғамның дамуы бағытында қосымша реформалар жүргізу мен тиімді шаралар қабылдау арқылы өзінің құқықтық саясатын жетілдіруге ұмтылуы қажет.

Адам құқықтарының қорғалуы мен заңнамалық реттелуі – әрбір мемлекет үшін маңызды міндеттердің бірі. Бұл құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз ету адам өмірінің сапасы мен қоғамның даму деңгейіне тікелей әсер етеді. Әлемдік тәжірибеде адам құқықтарын қорғау бойынша түрлі заңдар мен механизмдер қалыптасқан, олар азаматтардың еркіндігін қамтамасыз етуге бағытталған. Адам құқықтарын қорғайтын халықаралық келісімдер мен ішкі заңнамалар азаматтардың қауіпсіздігі мен абыройын сақтауға мүмкіндік береді.

Қазақстанда адам құқықтарын қорғау мәселесі конституциялық деңгейде бекітілгенімен, олардың іс жүзінде жүзеге асырылуы кейбір қиындықтарға тап болуда. Азаматтардың негізгі құқықтарын қорғау үшін қабылданған заңдар мен нормативтік актілер бар, бірақ оларды іске асыруда әртүрлі кедергілер мен жағдайлар кездеседі. Әсіресе, сөз бостандығы, саяси құқықтар мен қоғамдық белсенділік мәселелері ерекше назар аударуды талап етеді.

Қорыта айтқанда, адам құқықтарын қорғаудың тиімді жүйесін қалыптастыру үшін тек заңдар мен нормалар ғана жеткіліксіз, оларды дұрыс әрі уақытында орындау қажет. Бұл өз кезегінде азаматтардың сенімін арттырып, қоғамдағы әділеттілікті нығайтады. Адам құқықтарының сақталуы мен заңнамалық реттелуі мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар арасында тығыз ынтымақтастықты талап етеді, осылайша, адам құқықтары саласында үздіксіз жетілдіру мен реформалар жүргізілуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://www.undp.org/kk/kazakhstan/news/kazakstanda-adam-kukyktary-salasyndagy-zhumys-korytyndylandy>

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Қазақстан, 1995.
3. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/ubiystvo-sherzata-bolata-stali-izvestnyi-klyucheveyie-551060/amp/
4. БҰҰ Бас Ассамблеясы. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, 1948.
5. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі. – Астана: Қазақстан, 2023.
6. БҰҰ Бас Ассамблеясы. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, 1966.
7. Freedom House. Freedom in the World 2023: Global Freedom Status (ресми есебі).
8. «Репортеры без границ». Worldwide Press Freedom Index – 2023.
9. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия. Адам құқықтарын қорғау туралы жылдық есептер.
10. <https://www.akorda.kz/kz/kazakhstan-adam-kukyktaryn-korgau-bagytynda-nakty-kadam-zhasap-zhatyr-1203253>
11. <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-human-rights-day-expert-opinions/30993272.html>

УДК 349.3

ПРОБЛЕМЫ ОРГАНИЗАЦИИ ПРАВОВОЙ ПОМОЩИ ДЕТЯМ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ ЗДОРОВЬЯ

Ібіжан Г. Ә.

*студентка 1 курса по направлению «Юриспруденция», «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»,
e-mail: ibizhangauhar19@gmail.com*

*Научный руководитель – д.ю.н., профессор
Ибрагимов Жамаладен Ибрагимович*

Организация правовой помощи детям с ограниченными возможностями здоровья (ОВЗ) представляет собой одну из самых важных задач современного государства, основанного на принципах гуманизма, равенства и социальной справедливости. Дети с ОВЗ являются уязвимой категорией граждан, права которых нуждаются в особой защите и поддержке. Однако на практике они и их законные представители часто сталкиваются с трудностями в реализации прав — будь то в сфере образования, медицины или социальной поддержки.

Несмотря на наличие правовых норм, закрепляющих равный доступ к правовой помощи, их реализация на практике сопровождается рядом проблем: недоступная инфраструктура, нехватка специалистов и стигматизация.

Исследование проблем в сфере правовой поддержки детей с ОВЗ приобретает особую значимость. Оно позволяет выявить правовые пробелы, предложить механизмы совершенствования нормативно-правовой базы и повысить эффективность правозащитных институтов.

Таким образом, актуальность данного исследования обусловлена необходимостью обеспечить реальное, а не декларативное равенство в доступе к правовой помощи для всех категорий граждан, включая детей с ОВЗ.